

ӘОЖ 392.16

БАЛАНЫҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЫРЫМ-ЖОРАЛҒЫЛАР

Қанапиянова Мөлдір Идрисқызы

kanapiyanovam@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к. Ә.Т. Жанисов

Бүгінгі таңға дейін баланың дүниеге келуіне байланысты қазақтарда бірнеше ғасырлық халықтық тәжірибе негізінде түрлі ырым-жоралғылар мен әдет-ғұрыптар қалыптасқан. Баланың дүниеге келуіне байланысты қалыптасқан аталмыш ғұрыптардың

негізгі мән-мазмұны сәбидің денсаулығы мен дұрыс жетілуін қамтамасыз етуге байланысты туындаған. Аяғы ауырды қамқорлық жасауды, ақыл-кеңес беруді, әдетте өмір тәжірибесі мол аналар өздерінің жауапкершілігіне алған. Олар екіқабат келінге білгендерін айтып, екіқабат кезде, босану алдында және босану кезіндегі әртүрлі құбылыстарға шыдамдылықпен қарауға үйреткен.

Аяғы ауыр келіншектің толғағы жеңіл өтсін деп «жарыс қазан» ұйымдастырған. Келіншектің толғағы бастала салысымен сол ауылдың көпті көрген әйелдері шашу алып келген. Сол үйдегі келіннің енесіне құтты болсын айта келіп, келіннің аман-есен босанып алуына тілектестігін білдіріп жатады. Үйге үлкен абысындардың бастауымен арқан керіп болмаса бақан байлап, толғағы келген әйел оған сүйеніп, тізерлеп тұрған. Толғағы қысқан әйелдің шашын шешіп, бауы мен белбеулерін де тарқатып, ауылдың көпті көрген әжелері әр түрлі ырымдар жасап отырған. Осы кезде сол үйдің енесі жылдам қазанына сүрленген етін асып, «жарыс қазан» асады. Сүт пісіріп, самаурын қояды. Үйдегі барлық теңдер шешіліп, әбдірелер ашылады. Толғағы келген әйелдің басынан аршаны тұтатып аластап отырады. Өзге үйлер де қазандарына ет асады. Толғақты жылдамдату мақсатында қара қазан бірінші туа ма, қара қатын бұрын туа ма деп қамданып отырған [1, 65-66 б.]. Осы әрекеттің барлығы толғағы қысқан әйел жылдам босансын деп ниет етіп, имитациялық магиялық сенімдерді қолданып отырған. Ескі наным-сенім бойынша, нәресте осы жарысқа ат салысып, өмірге жылдамырақ келуге тырысып отырған деп сенген [2, 179 б.].

Ертеде қазақтар жүкті әйелдің денсаулығына айрықша көңіл бөліп отырған. Өйткені өмірге дені сау ұрпақтың келгенін жөн көрген. Ол қолдан келетін нәрсенің барлығын жасап отырған. Мысалы, толғатып жатқан әйел адамға бала таппаған адамды жақындатпаған. Босандыру жоралғысын елге құрметті егде тартқан әйелге – «оңқол ана», ал баланың кіндігін кесуді босанушы әйелдің жақын құрбысына – «кіндік шеше» атқаратын. Дүниеге келген баланың жолдасын кіндік шеше басқаларға көрсетпей жасырын барып адам аяғы баспайтын жерге көметін болған [3, 179 б.].

Сәби дүниеге келгенде оның кіндігін айбалтамен кесіп тастап, таза жіппен байлаған. Ал, кіндігі кесілген балтаны болса, қолданбай, сақтап қойып отырған. Баланың кіндігі 3-4 күнде түсіп отырған. Ұлдың кіндігін еркін өсіп, батыр болсын деген ырыммен қырдан асырып тастап, отырған. Қыз баланың кіндігін болса, үйдің құтына айналсын деген ырыммен ошақтың жанына көміп отырған. Нәресте білімді болсын деп кітаптың ішіне салып қойып, аттың құлағында жақсы ойнасын деп оның кіндігін жылқының жалына байлап отырған. Кіндік қаным тамған жер деген секілді тіркестер осы бір ырымдардан пайда болған. Босанған келіншек қырық күнге шейін қолын мұздай суға салмаған. Қолын салқын заттарға тигізбеген. Өйткені сәби тасбауыр болады деп ырымдап отырған [4, 89 б.].

Енді ғана босанған әйелге арнап қой сойылып, ақ тілектер айтылып, қалжалаған. Егер туыттағы тері шықпай қалса, бала мен ананы 40 түрлі қырсық айналып отырған. Қалжаланбаған әйелдің баласы ынжық болып өседі деп ырымдаған. Арнайы қалжа үшін сойылған малдың омыртқасын тазалап мүжіп, есіктің тұсына ілген. Сол арқылы нәрестенің мойыны жылдам қатайсын деп отырған. Қалжаға келген әйелдердің барлығы омыртқаның етін жеп көруі керек болған. Кіндік шеше аяғында тазалап мүжіп, есіктің жоғарғы бөлігіне іліп қойған. Егер әйелдер сол омыртқадан ауыз тигізген болса, бала табады деп ырымдалған [5, с. 55-57].

Жаңадан өмірге келген сәбиді алғаш шомылдыру салты түрлі халықтардың салт-дәстүрінде кездеседі. Алдыңғы дәуірде бұл дәстүрге айрықша көңіл бөлген. Алғаш рет нәрестені шомылдыруды аққол аналар өздерінің тікелей міндеттері деп есептеген. Аққол аналар сәбиді жуындырудың түрлі тәсілдерін біліп отырған. Мысалы, сәбиді бірінші рет жуындырғанда тілін жұтып алмауы үшін тілін тартып отырған. Бірінші, нәрестені жоғары жағынан бастап жуған, содан кейін шошынып қалмауы үшін жәй ғана екі аяғын суға салып, бойын үйретіп отырған. Жуындырғаннан кейін кіндік жақ тұсына қойдың майын жағып, содан кейін құндақтап шешесінің жанына жатқызып қойған [3, 158-163 б.].

Жаңа туған нәресте өмірге келгенде шілдехана тойы жасалынады. Оның түпкі мағынасы шешесі мен баласын тіл мен көзден сақтау мақсатында, үйлерінің жанына 40 күн ішінде жын-шайтандарды жолатпай отыру болған [2, 74 б.].

Шілдехана тойға қонақтар шақыртумен де, шақыртусыз да келіп отырған. Осы тойда қонақтар балаңыздың бауы берік болсын деп құтты болсын айтып келіп отырған. Шілдехана тойы негізінен той жасап жатқан адамның тұрмысына байланысты үш күнге шейін созылып отырған. Тойға келген халық анасы мен жаңа туған сәбидің құрметіне ойын-сауық құрып, ән-күй орындап отырған. Шілдехана тойында «Бөбек» әні көп айтылып отырған. Жеңіске жеткендері сол үйдің құрметіне бөленіп отырған. Егер әйелдер жамбас және басты жемесе өкпелемеген, бірақ омыртқаны мүжімесе ұрысуға шейін барған [4, с. 21].

Ежелгі қазақтардың салт-дәстүрі негізінде кіндігі түскеннен кейін, жарасы жазыла салысымен, бір апта өткеннен кейін, сол ауылдың әжелері мен абысындары шашуларын шашып, баланы бесікке салған. Нәрестені бесікке бөлемес бұрын «тыштыма» ырымы жасалынып отырған [3, 180 б.]. Бесіктің түбегіндегі бесіктен кәмпит пен бауырсақ және тағы басқа тағамдарды алақандарға тарқатып отырған.

Бесік дегеніміз – баланы бөлеу үшін жасалған ағаш төсек. Бесік халқымыздың нағыз мұрасы. Ата-бабамыздың сан ғасырлық ұстаған мүлкі болып табылады. Қытайлар мен Үнділер, Кавказдар мен Орта Азия халықтарының біразы бесікті пайдаланып отырған, тек бесіктің жасауы әр түрлі болып отырған [6].

Халқымыздың бесігі бірнеше бөліктерден құралған. Олар: екі ұзын табағы мен арқалығы, екі басы мен бесіктің асты және тағы өзгелері. Әдетте бесік жасауда тал мен қайың, қарағай қолданылып отырған. Оның екі басы доға болып иіліп, болмаса бөлек-бөлек ағаштар арқылы қиылыстырылып жасалынған, жоғарғы бөлігі арқалық арқылы қосылып отырған. Оның түбі тақтаймен жасалынған. Бесікті қазақтардың көшіп-қонып жүргендігіне орай, барынша ықшам және жеңіл етіп, көшкенге ыңғайлы етіп жасаған [7].

Ежелгі қазақтардың салт-дәстүрі негізінде кіндігі түскеннен кейін, жарасы жазыла салысымен, бір апта өткеннен кейін, сол ауылдың әжелері мен абысындары шашуларын шашып, баланы бесікке салған [2, 107-б.]. Нәрестені жөргегінен шығарғаннан кейін, ит көйлегін киген сәбиді бесікке әрбір әйел сала бермейді. Оны көңілі таза, ибалы, жөн-жосықты білетін, абыройлы, өсіп-өнген отбасының бәйбішесі жасап отырған. Нәрестені бесікке бөлерде темірді болмаса темір көсеуді отқа салып, бесіктің арқалығының біраз жерін қарып отырған. Олай істесе, бәле-жала мен жындар аулақ болады деген. Содан кейін әйелдердің біреуі шығып, бала қырандай алғыр болып өссін деген ниетпен бесікке барып, бүркіттің тұяғын байлап қойған. Енді біреулері бесіктің екі жақ тұсынан қылышты жарқ-жұрқ еткізіп, батыл болсын деп отырса, тағы біреулері екі жақ тұсынан қамшыны үйіре отырып, тақымыңнан тұлпар кетпесін, бәйге бермес шабандоз болсын, – деп жылы лебіздерін білдіріп отырады екен. Содан кейін бесіктің түбегі орналасқан тесігіне дәмді тағамдар шашып, «бала тышты» деп шашылған тәттіні алып шығып отырады екен [4, с. 101-105]. Сөйтіп оны тойдан алған тәтті сарқыт күйінде бала-шағасына алып барған. Ол нәрестенің несібесі мол, мерейі тасып, ырзығы көп, жолдастарына құрметті, қолы ашық адам атансын дегені. Содан соң, үйдің ішіндегі әйелдердің біреуі отырып, дайындалған бесікке нәрестені салады. Қалғандары үнсіз қарап отырады.

Қазақ халқында ежелден қалыптасқан ғұрыптардың бірі нәрестенің дүниеге келгеніне 40 күн толғаннан кейін «қырқынан шығару» болып табылады. Нәрестенің өмірінде қырық күн өткен соң, жаңа бір кезең басталады деп ойлаған. Өйткені қазақтардың түсінігінде қырық деген сан қасиетті деп саналған. Сондақ-ақ, халқымызда қырық бір мен жеті, тоғыз бен отыз сандары қасиетті сандар болып есептелген. Оған үш тоғыз бен қырықтың бірі қыдыр, жеті қазына мен жеті жарғы, үш тоғыз сияқты ұғымдары дәлел бола алады.

Ұлды отыз жеті немесе отыз тоғыз күнде, яғни 40 күнге жеткізбей отырып, қызды болса қырық бір немесе қырық үш күнге жеткізіп, яғни 40 күннен асырып барып шығарып отырған [3, 181 б.]. Нәрестені жуындыруға келген әйелдер қырық қасық суды ыдысқа құйып, тиындар салып, сол суға баланы жуындырады. Содан кейін тырнағын және шашын алып

отырған. Баланың қарын шашын алған кісіге сый-сияпат көрсетілген. Нәрестенің қарын шашын матаға түйіп, оны тұмарша сияқты тігіп, нәрестенің оң жақ тұсына қадап қойған. Нәрестенің тырнағын болса, көміп тастап отырған.

Нәрестені қырқынан шығарғаннан соң, баланың ит көйлегіне дәмділерді түйіп, иттің мойнына асып жіберген. Сол ауылдың кішкентай балалары итке қуып жетіп, ит көйлектегі дәмділермен бөліседі [1, с. 72]. Бала көтере алмай жүрген әйелдер ырымдап ит көйлекті алып отырған [8, с. 107-108].

Қорыта келе, қазақ халқы жаз жайлауға, қыс қыстауға икемделген бала тәрбиесіне үлкен мән беріп, халық тағлымының қағидалары мен ережелерін жасаған. Сәбидің шыр етіп жерге түскен сәтінен жігіт болғанға дейінгі өмірінің маңызды салаларын атаусыз қалдырмауға тырысқан. Ертедегі қазақ қоғамында баланың дүниеге келуіне байланысты қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-жоралғылардың дәстүрлі мәдениет элементтері бүгінгі күнге дейін сақталып қалды. Рас, кейбір жосын-жоралғыларды атқару барысындағы қолданыс құралдары мен іс-шаралары өзгеріске ұшырағанымен түпкі мән-мазмұнын жоғалтқан жоқ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX в.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 213 с.

2. Қалшабаева Б.К., Байғабатова Н.К. Жетісу қазақтарының отбасына байланысты әдет-ғұрып салт-дәстүрлері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: Өткендегісі мен бүгінгісі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 104-105 б.

3. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2005. – 175-199 б.

4. Ерназаров Ж. Семейная обрядность казахов: символ и ритуал. – Алматы, 2003. – 199 с.

5. Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2006. – 32-71 б.

6. Шоқпарұлы Д. Бесікке бөлеу – балалар дәстүрі // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгінгісі. – Алматы: Ғылым, 2001.

7. Колбасенко И.С. Киргизская колыбель. Несколько слов об уходе за детьми у киргизов // Протоколы заседаний Киевского акушерско-гинекологического общества. – Т.3. – Вып. 6. – Киев, 1890. – С. 32-38.

8. Алекторов А.Е. О рождении и воспитании детей у киргизов, о правах и власти родительский // Оренбургский листок. – № 31, 33. – 1891.